

А.Ә.Жанабекова¹, Г.Тлегенова²

¹А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қолданбалы лингвистика бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы

²А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қолданбалы лингвистика бөлімінің кіші ғылыми қызметкері

ҚАЗАҚ МӘТІНДЕРІНДЕГІ Я, Ю ФОНЕМАЛЫ СӨЗДЕРДІ ЛАТЫН ҚАРПІНЕ КӨШПРУДІҢ ПРОГРАММАЛЫҚ НҮСҚАУЛЫҒЫ

Аннотация. Қазақ тілінде кирилл қарпінің енуімен бірге сөздік құрамға етене еніп, емле ережелерін бағындырып алған тіліміздің табиғи дыбысталуы мен заңдылығына қайшы келетін тілдік құбылыстар баршылық. Орыс тілінен енген «ю», «я» дыбыстарынан тіпті де айырылғымыз жоқ, оларды қазақ тіліндегі естілімі бойынша йу/йуу, йа деп жазсақ, үйреншікті көзшалымға жат сияқты көрініп, қабылдай алмай жатқанымыз да шындық.

Кирилде «қате» көрінген мұндай жаңартпалар, латын қарпімен берілгенде көзге ұрмайды, халықтың көзшалымдық қабылдауына жеңілдік туғызады. Осы орайда қазақ жазуына ұлттық дыбыс жүйесі мен айтылым нақышына сәйкес тиімді реформа жасау кезек күттірмейтін өзекті мәселе. Мақалада қазақ тіліндегі я, ю фонемалары бар сөздерді латын графикасына автоматты түрде аудару ережелері қарастырылады.

Тірек сөздер: дифтонг, фонема, әріп тіркесі, кирилл қарпі, латын қарпі.

А.А.Жанабекова¹, Г.Тлегенова²

¹Институт языкознания имени А. Байтұрсынова, заведующий кафедрой прикладной лингвистики, доктор филологических наук

²Институт языкознания имени А. Байтұрсынова, младший сотрудник кафедры прикладной лингвистики

ПРОГРАММНОЕ РУКОВОДСТВО ПО ПЕРЕВОДУ ФОНЕМНЫХ СЛОВ Я, Ю В КАЗАХСКИХ ТЕКСТАХ НА ЛАТИНИЦУ

Аннотация. С введением кириллицы в казахском языке появилось множество языковых явлений, которые вошли в лексику, подчинили себе правила орфографии, противореча естественному произношению и закономерностям нашего языка. Мы не хотим лишиться звуков «ю», «я», вошедших из русского языка, верно и то, что когда мы пишем их на казахском языке как «Йу/Йуу, йа», они нам кажутся неуместными и неприемлемыми.

Такие новшества, которые кажутся «неправильными» в кириллице, при передаче латинским шрифтом не бросаются в глаза и облегчают зрительное восприятие публикой. В этой связи неотложной проблемой является проведение эффективной реформы казахской письменности в соответствии с национальной звуковой системой и стилем произношения. В статье рассматриваются правила автоматического перевода на латинскую графику слов с фонемами я, ю в казахском языке.

Ключевые слова: дифтонг, фонема, сочетание букв, кириллица, латинская графика.

A.A.Zhanabekova¹, G. Tlegenova²

¹Institute of Linguistics named A. Baitursynova, Head of the Department of Applied Linguistics, Doctor of philological sciences

²Institute of Linguistics named A. Baitursynova, researcher of the Department of Applied Linguistics

PROGRAM GUIDE FOR TRANSLATING PHONEMIC WORDS YA, YU INTO LATIN IN KAZAKH TEXTS

Annotation. In the Kazakh language, with the penetration of Cyrillic graphics, there are linguistic phenomena that contradict the natural sound and legitimacy of our language, which penetrates the vocabulary and subordinates the rules of spelling. We are not deprived of the sounds «ю», «я», which came from the Russian language, and we can not perceive them as alien to the usual vision, if we write «Йу/Йю, йа» by ear in the Kazakh language.

Such changes, which seemed «wrong» in the Cyrillic alphabet, do not catch the eye when transmitted in the Latin script, and create ease in the visual perception of the population. In this regard, an urgent problem is the implementation of an effective reform of the Kazakh written language in accordance with the national sound system and pronunciation style. The article deals with the rules for automatic translating of words with phonemes я, ю in the Kazakh language into the Latin script.

Keywords: diphthong, phoneme, combination of letters, Cyrillic script, Latin script.

Елбасы Н.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында қазақ жазуын латын қарпіне көшіру қарсаңында ұлттық құндылықтарымызды алпауыт елдер көшіне ілесе отырып, көзіміздің қарашығындай сақтап қалу ұлттымыздың болашағы мен келешек ұрпақ алдындағы борышымыз екенін әрбір ұлт өкілі сезінуі тиіс.

Осы мақсатта әліпби таңдау мәселесін былай қойғанда, қазақ жазуының емлесінде кезінде кеңестік заманның ықпалымен дыбыстау жүйесі мен жазудың арасында алшақтық орын алып, «баба тілімізден» алыстап бара жатқанымыз жасырын емес. «Еріндікпен» еріндерін дөңгелете желдіре жатық сөйлейтін қазағымыздың «қоңыр» даусы «езулікке» құрылған жазудың әсерінен «қоңыр» дауыстан айырылып, «езу тартқан» аумалы-төкпелі «саңғыр» дыбыстарға айналып барады. Қазақ тілінің ұлттық болмысын сақтап қалу және ұлттық сөз нақышын қайта жаңғырту жазуды латын қарпіне көшіру қарсаңында өте үлкен жауапкершілікпен, жанқиярлықпен, жана-шырлықпен атқарылатын келелі жұмыс. Осы ретте ендігі емле мәселесін жүзеге асыруда тілші мамандардың атқарар жұмысы жауапты әрі өте күрделі. Мұны екінші кезектегі үлкен шара деп санау қажет. Өйткені мемлекеттік тіл қазақ тілінің дыбыстық жүйесін әліпби ауыстыру қарсаңында қайта реформалау тіліміздің ұлттық сипатын жоғалтпаудың, оның жасампаздығы мен өміршеңдігін қамтамасыз етудің маңызды шарты болмақ.

Қазақ тілінде кирилл қарпінің енуімен бірге сөздік құрамға етене еніп, емле ережелерін бағындырып алған тіліміздің табиғи дыбысталуы мен заңдылығына қайшы келетін тілдік құбылыстар баршылық. Орыс тілінен енген «ю», «я» дыбыс-тарынан тіпті де айырылғымыз жоқ, оларды қазақ тіліндегі естілімі бойынша *йуу/йюу, йа* деп жазсақ, үйреншікті көзшалымға жат сияқты көрініп, қабылдай алмай жатқанымыз да шындық. Сөздерді орфоэпия бойынша жазсақ, көзіміз «жақтырмай» қате көргендей шошынамыз. Мүмкін үйреншікті көзге осылай қабылдау заңды да болар. Алайда егер осылай жалғаса беретін болса, түбінде ұлттық жазу өз болмысынан алшақтап

кететінінде дау жоқ. Ал қазақ жазуын латын қарпіне көшіру осындай «көзге түрпідей тиетін» өзгерістерді енгізу үшін өте қолайлы жағдай болып отыр. Кирилде «қате» көрінген мұндай жаңартпалар, латын қарпімен берілгенде көзге ұрмайды, халықтың көзшалымдық қабылдауына жеңілдік туғызады. Өйткені сөздерді латынмен жазғанда жаңартпалар ғана емес, сөз түбірімен басқа қаріптерге ауысып, өзгереді. Осы орайда қазақ жазуына ұлттық дыбыс жүйесі мен айтылым нақышына сәйкес тиімді реформа жасау кезек күттірмейтін өзекті мәселе.

Құрамына өзгеріс енгізетін мұндай сөздер көбінесе құрамында *и* және *у* және *ю*, *я* дыбыстары бар сөздер. *И* және *у* дыбыстарының буын құраушылық сипаты мен емлесіне қатысты мәселелер біздің алдыңғы мақалаларымызда арнайы қарастырылды. Бұл мақалада *я*, *ю* дыбыстары кездесетін сөздердегі буынға бөлу проблемалары мен емлесіне қатысты сөз болады.

Қазақ тіліне кезінде кирилл қарпімен бірге орыс тілінен *ю*, *я* әріптері енді. Бұлар да *и*, *у* дыбыстары сияқты дифтонг дыбыстар делініп, дауыстыға жатқызылады. Сөйтіп, *ая*, *сая*, *жася*, *аю*, *қою*, *ою*, *қоян*, *ноян* т.б. құрамында осы әріптер бар сөз-дерімізде екі дауысты қатар тұра беретін болды. Бұған көз де үйренді. Енді осыны *айа*, *сайа*, *жайа*, *айу*, *қойу*, *ойу*, *қойан*, *нойан* т.б. деп жазсақ, көзге жат сияқты көрінді. Алайда бұл осылай жазылуға тиісті еді. Себебі, біріншіден, *я*, *ю* әріптері қазақтың төл әріптері емес, бірі екі дыбыс, екіншісі үш дыбыстан тұрады.

Екіншіден, морфема ішінде екі дауысты қатар тұрмайды, бұл жағынан қазақ тіліндегі дыбыс тіркесіміне қайшы келеді, үшіншіден, *и*, *у* дыбыстары бар сөздер сияқты буынға бөлуде қиындық тудырмағанмен, яғни буынға бөлінгенмен, екіншісі, үшіншісі, яғни сөздің соңғы буындарында жалғыз тұрып буын құрайды. Ал қазақ тілінде басқа дауысты дыбыстар жалғыз тұрып, сөздің басында ғана буын құрайды. Мысалы, *а-на*, *О-тан*, *е-тік* т.б. Ал *йа* және *йу/йү* болғанда олар құрамындағы екі және үш фонема арқылы буын құрап, соңғы екінші, үшінші, соңғы позицияларда жалғыз тұрмай, қосар дыбыстарымен бірге буын құрайды: *а-йа*, *са-йа*, *жа-йа*, *а-йү*, *қо-йү*, *о-йү*, *қо-йан*, *но-йан* (латыншасы: а-і`а, са-і`а, жа-і`а, а-і`уү, қо-і`уү, о-і`уү, қо-і`ан, но-і`ан).

Үшіншіден, *ая*, *сая*, *жася*, *аю*, *қою*, *ою*, *қоян*, *ноян* сияқты тасымалдай алмайтын болсақ, енді *са-йа*, *жа-йа*, *қо-йү*, *қо-йан*, *но-йан* сияқты сөздерді тасымалдай алатын боламыз.

Сонымен, осылайша, жоғарыдағыдай *я*, *ю* әріптерін дыбыстық құрамына қарай *йа*, *йү/йү* деп таратып жазар болсақ, *я*, *ю* әріптерінің сөздер ішіндегі барлық кездесу позицияларын анықтап алу қажет. Өйткені бұл әріптер барлық позицияда *йа*, *йү/йү* болып орфограммалана ала ма деген сұрақ туындайды. Мұны анықтау әсіресе, кирилл қаріпті мәтіндерді латынға автоматты көшіру ісі үшін маңызды.

Я әрпімен жазылатын сөздер қазақ тілінде сөз басында көп кездеспейді. Олар: *яғни*, *яки*, *я*, *япырай*, *япырмай*, *япырау* сөздері. Мұнда да *япырай* сөзінің варианттарының есебінен шығып отыр. Латынмен: і`аg`nі, і`аkі, і`а, і`арутай, і`арутмай, і`арутау. Компьютерлік программа *я*-дан басталатын сөздерді *йа* дыбыстарына автоматты түрде көшіргенде ешқандай «қалыс» (исключение) жағдайлар болмайды. Сондықтан мұндайда компьютер бағдарламасына сөз басындағы *я*-ны түгелдей *йа*-ға ауыстыруға болады. Ал *я*-дан басталатын *январь*, *январь* сөздерінің тілімізде қазақша баламасы бар, әрі бұл сөздерді де кирилмен *йанварь*, *йантарь*, латынмен: і`анвар, і`антар деп жаза беруге болатын сияқты. (Әрине латынға ауысқанда кирилдегі жазуы тек емле ережелерін түсіндіру және программа үшін ғана қажет).

Ал *я* әрпінің алдында *и* фонемасы тұрса, онда *и* мен *й* қатар келіп қалады. Мысалы: *қя*–*қйя*, *қаря*–*қарйя*, *зиян*–*зийан* деп көшіріледі. Егер мұндай *йя* әріп тіркестері бар сөздердің емлесін қайта қарастырып, *и* фонемасының орнына қысан *ы/й* дыбыстарын қосып, *қаря* – *қарьйя*, *қүтия* – *қүтьйя*, *даря* – *дарьйя*, *жаря* – *жарьйя* (қағуі`а,

қируі'а, даруі'а, жаруі'а) деп жазар болсақ, *и*-дың орны-на *ы/і* фонемаларын жазғанда әріп саны көбеймейді. Демек, *ия* әріп тіркесі бар сөздерді латын қарпіне автоматты көшіруде *ия*-ны *ыйа* дыбыстар тіркесіміне ауыстыру туралы программаға арналған ереже беру керек.

Ал егер бұл сөздерге қысаң *ы/і* дыбыстарын қосып жазбайтын болсақ, *я* әрпі-нің алдында *и* фонемасы келсе, *а* болып қана өзгереді деген ереже керек. Яғни *қария* – *қариа*, *қутия* – *қутиа*, *дария* – *дариа*, *жария* – *жариа* (қарі'а, қури'а, дарі'а, жарі'а). Алайда бұл сөздер қазақ тілі сөздері болғандықтан, дыбыстар тіркесім заңдылығына сәйкес *ы/і* қысаң дыбыстарын қосып, ұзақ *и* орнына қысқа *й*-ды берген дұрыс болар еді: *қарыйа*, *дарыйа*, *жарыйа* деп.

Бұл сөздер дұрысында қысаң дыбыспен дыбысталады. Алайда жазуда *қария*, *қутия*, *дария*, *жария* т.б. болып жазылған соң, айтуда да солай қысып дыбыстап кеткенбіз.

ИЯ әріп тіркесімінен тұратын қазақ тілінде халықаралық терминдер, орыс тілінен енген сөздер, терминдер бар. Мысалы: *станция*, *милиция*, *демократия*, *деривация*, *морфология*, *лексикология* т.б. толып жатыр. Егер *я* әрпін латын қаріпті әліпбиде белгілемейтін болсақ, осындай терминдерді қалай жазамыз деген сұрақ туындайды. Жоғарыдағы *ия-ыйа* дыбыстар тіркесіміне ауыстыра салсақ былай болар еді: *станцийя*, *милицийя*, *демократыйя*, *деривацийя*, *морфологийя*, *лексикологийя*. Ал бұлай жазар болсақ, терминдерді дыбыстауымыз да дұрыс болмай қалады. Сондықтан бұл жерде *ия* тіркесіне қатысты басқаша келу керек.

Жоғарыдағы *ия* әріп тіркесімен келетін қазақ сөздерінің алдына *ы/і* қысаң дыбыстарын қосып жазуға көзшұлым мен естілімде қабылдауға мүмкін болса, *станция*, *милиция*, *демократия*, *деривация*, *морфология*, *лексикология* сөздерінде *я*-ны *а* фонемасымен ғана ауыстыру керек: *станция* – *stancı'a*, *милиция* – *mi'li'ci'a*, *демократия* – *demokrati'a*, *деривация* – *deri'vacı'a*, *морфология* – *morfologi'a*, *лексикология* – *leksı'kologi'a*. Демек, қазақ сөздеріне арналған *ия* дыбыс тіркесін *ыйа*-ға ауыстыру туралы ереже бұл сөздерге жүрмейді. Программа тілдік бірліктерді формалды тұрғыдан ғана танытын болғандықтан, *ия* әріп тіркесін латын қарпіне ауыстыруда екі түрлі ереже жасау қажет болады. Мұндайда *ия* әріп тіркесімен келетін қазақ сөздері аз болғандықтан, *ия*-ны ауыстырудағы «қалыс» (исключение) жағдайлар ретінде программаға сол сөздердің тізімін беру керек. Өйткені терминдер төл сөздерімізден көп.

2016 жылы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында ҚР Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша «Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігін» жасау кезінде құрастырылған «Қазақ тілінің сөз-формалар» сөздігінен алынған «Әріп тіркесінің жиілік сөздігінде» жалпы саны 76718 әріп тіркесі кездескен. Соның ішінде *ия* әріп тіркесі 1079 рет кездесіп, жиілігі бойынша 124 орында. Демек, жиілігі жағынан жоғары екендігін көрсетеді. Бұл *ия* әріп тіркесінің қазақ сөздерінде сирек кездескенмен, терминдер есебінен жоғары жиілікті көрсетіп отыр.

Я фонемасы екінші орында келетін тілімізде мынадай сөздер бар: *ая*, *ұя*, *оян*, *оят*, *ұят*, *аят*, *оая*, *ұяң*, *аяң* т.б. Бұл сөздерді *я*-ны *йа*-ға ауыстырса: *айа*, *ұйа*, *ойан*, *ойат*, *ұйат*, *айат*, *оаяу*, *ұйаң*, *айаң* (ai'a, ui'a, oi'an, oi'at, ui'at, ai'at, oi'ay', ui'an', ai'an'). Алайда бұл жерде тағы да *я* әрпі екінші орында тұратын термин сөздерді ескеру керек.

Я фонемасы үшінші орында тұратын сөздер: *баян*, *баяу*, *шаян*, *қоян*, *тоят*, *қаяу*, *саясат*, *баялыш*, *баяндама*, *жася*, *сая*, *даяшы*, *даяр*, *жасяу*, *зая*, *пая*, *мая*, *тая* т.б. Сонымен қатар сөз түрленімде *й* дыбысына біткен етістіктерге көсем-шенің *-а* тұлғасы жалғанғанда *й+а* тіркесімі орыстың *я*-сымен жазылады. Мысалы: *қой+а* – *қоя*, *жой+а+ды* – *жояды*, *той+а+сың* – *тоясың*, *азай+а* – *азаяды*, *жасй+а* – *жасятын* т.б. сөзформалар.

Бұл сөздердегі *я* фонемасын *йа*-ға ауыстырып жазып көрейік: *байан*, *байау*, *шайан*, *қойан*, *тойат*, *қайау*, *сайасат*, *байалыш*, *байандама*, *жасйа*, *сайа*, *дайа-шы*, *дайар*, *жасйау*, *зайа*, *пайа*, *майа*, *тайа* т.б. латынмен: bai'an, bai'ay', s'ai'an, qoi'an, toi'at, qai'ay',

sai`asat, bai`alys`, bai`andama, jai`a, sai`a, dai`as`y, dai`ar, jai`ay`, zai`a, pai`a, mai`a, tai`a.

Сөз соңында *я* әріпті сөздер аз кездеседі: қария, құтия, дария, жая, жанұя, зая, сая, ая, мая, пая. Сөз соңында кездесетін *я* дыбысты сөздер *-а* көсемше форма-лы етістіктер есебінен толығады. Мысалы, қоя, жоя, жая, ақырая, шалқая, аңқая, қомтая, томтая т.б. Бұл сөзформаларда да *я-йа* болып көшіріледі: қойа, жойа, жсайа, ақырайа, шалқайа, аңқайа, қомтайа, томтайа т.б. (qoi`a, joi`a, jai`a, aqyrai`a, s`alqai`a, an`qai`a, qomrai`a, tompai`a).

Сөз соңында *я* фонемасы термин сөздерде жиі кездеседі: батарея, авария, поэзия, диарея, бакалея, ария, автономия т.б. Жоғарыда *ия* әріп тіркесімен келген төл сөздер мен термин сөздер туралы айтқан едік. Онда *я* әрпі алдында *и* фонемасы келсе, *а* болып қана өзгереді деген ереже беру керек дедік. Ал енді *я* фонемасының алдында *и*-дан басқа дыбыс келсе (дауысты), бұл ереже дұрыс болмайды. Мысалы: бакалея, батарея сөздерінде *я*-ны *а*-ға ауыстыра алмаймыз. Яғни бакалея, батарея демейміз. Дұрысы: бакалейя, батарейя (bakalei`a, batarei`a). Олай болса, латын қарпіне көшіру программасына *ия* әріп тіркесінен басқа жерде *я* фонемасы *йа* болып таңбалаңады деген ереже беру керек.

Сонымен,

1) *ия* әріп тіркесімен келетін қазақ сөздерінде (қия, қиян, жия, қария, құтия, жария, дария т.б.) *я* фонемасын *ййа* әріп тіркесіміне ауыстыру керек. Сонда: қыйа, қыйан, жыйа, қарыйа, құтыйа, жарыйа, дарыйа (qyi`a, qyi`an, jyi`a, qaryi`a, jaryi`a, daryi`a);

2) *ия* әріп тіркесімен келетін термин сөздерде *я*-ны *а* фонемасымен ғана ауыстыру керек. Яғни: станция – stanci`a, милиция – mi`li`ci`a, демократия – demokrati`a, деривация – deri`vaci`a, морфология – morfologi`a, лексикология – leksi`kologi`a.

3) *ия* әріп тіркесімінен басқа термин сөздердегі *я*-ны *йа*-мен таңбалап көшіру керек. Мысалы: бакалейя, батарейя (bakalei`a, batarei`a).

Ал енді *ю* фонемасына келсек, қазақ тіліне *ю* әрпі орыс тілінен енген. «Әріптердің жиілік сөздігінде» 42 әріптің ішінде көлемі 6-7 миллион сөзқолданыстан тұратын мәтінде 11861 жиілікпен 37-ші орында тұрады екен. Бұл жиіліктің өзі термин сөздердің есебінен шығып отыр. Ал қазақ тілінде *ю*-мен келетін сөздер сирек: аю, ою (оюла) қою (қоюлан, қоюлану, қоюлық). *Ю* фонемасы қазақ тілінде үш дыбыстың қосындысынан тұрады. Оның жуан және жіңішке варианты бар: *йуу/йуу*. (Езулік дауыстылармен келген сөздерге жалғанғанда қысаң естіледі: *йбу/йбу*). Жоғарыдағы сөздерді былай жазу керек болады: айу, ойу, ойула, қойу, қойулан, қойулық. Латынша: ai`uy`, oi`uy`, oi`uy`la, qoi`uy`, qoi`uy`lan, qoi`uy`lyq.

Ю фонемасын қазақ тілінің дыбыстық әуезіне сәйкес осылай үш әріппен жазған қай жағынан алса да, дұрыс болады. *Ю*-ды *йу* деп ауыстырған ешқандай нәтиже бермейді, яғни қазақ тілінің дыбыс жүйесін түзетуге, дұрыс емле жасауға септігін тигізбейді, сөйтіп, *ю*-ды қазақ әліпбиінен алып тастағанның еш мәнісі болмайды. Мысалы: айу-ai`y`, қою- qoi`y` деп жазсақ, *йу* деген тіркес қазақ тілінің заңдылығына жат. Қазақ тілінде *йу*-мен келетін сөздер бірлі-жарым ғана (миуа, диуана, хиуалық).

Бұл *йу* әріп тіркесімен келетін сөздер негізінен термин сөздер болып келеді. Олар: социум, аквариум, натарис, президиум, радиус, триумф, континуум т.б. Бұл әріп тіркесі 1079 әріп тіркесімінен (диграф) 402 жиілікпен 649-шы орында тұрады екен. Біздіңше, бұл жиілік термин сөздердің есебінен шығып отыр.

Қазақ тілінде *ю* әрпінен сөз басталмайды, тек терминдерде ғана кездеседі: юмор, юрист, юттер.

Қазақ мәтіндерінде *ю*-мен келетін термин сөздер кездесе, *ю* таңбасы латын қарпінде жоқ болғандықтан, *ю* күйінде қалдырылмайды, оны басқаша таңбалау қажет болады. Ал енді жоғарыдағыдай термин сөздерді *йуу/йуу* деп таңбалай аламыз ба?

йүумор, йүурист, йүуттер - i`uy`mor, i`uy`ri`st, i`uy`pi`ter.

Әлде мұндай термин сөздерге келгенде орыс тілінің тіркесім заңдылығымен *иу* деп берсе ше?

иумор, иурист, иутитер - i`y`mor, i`y`pi`st, i`y`pi`ter

Мұны алда емле жасаушылар ойластыру қажет. Ал автоматты аударым жасау жазу емлесінің шешіміне негізделеді.

Қазақ тілінде *ю* фонемасы негізінен термин сөздерде кездеседі. Олар: *абсолют, революция, бюллетень, глюкоза, интервью, шоль, компьютер, сюжет, маникюр, юбилей, продюссер, флюорография* т.б. Бұл сөздерді латын қарпімен беруде де жоғарыдағы ереже ескеріледі. Яғни *иу* дыбыс тіркесімен берсе: *absoliut, revoliuci`a, biulleten, gliukoza, i`nterviu, i`iul, kompiuter, siujet, mani`kiur, iubi`lei`, prodiusser, fliurografi`a*.

Сонымен қатар бұлардың ішінде *ия* әріп тіркесімен бітетін *революция, флюорография* сияқты сөздерде *я*-ға қатысты да емлені сақтау керек. Яғни *я*-ның алдында *и* тұрса, автоматты аударымда *а* әрпін ғана жазу керек.

Ю фонемасы сонымен қатар қазақ тілінде *й*-ға біткен етістіктерге *у* тұйық етістік жалғанғанда кездеседі. Мысалы: *құй-+у – құю, жой+у – жою, ой+у – ою, түй+у- тую*. Бұл сөздердегі *ю* фонемасын *йу/йүй* түрінде жазатын болсақ, *құйуу, жойуу, ойуу, түйуу* (qi`i`uy`, joi`uy`, oi`uy`, ju`i`uy`, tu`i`u`y`) болады.

Мұндай сөздерде *ю* әрпін *йу/йүй*-ге автоматты көшіргенде проблема жоқ. Проблема *ю* әрпінің алдынан *и* фонемасы тұрғанда көрінеді. Мысалы, *жию, тию, қию* сөздерінде *ю* әрпін жоғарыдағыдай *йу/йүй*-ге ауыстыра салуға келмейді. Жазып көрейік: *жййуу, тййуу, қййуу* (ji`i`uy`, ti`i`u`y`, qi`i`uy`) десек, дұрыс болмайды. Бұл жерде екі қиындық бар. Бірі екі *и* фонемасы қатар келіп қалады, екіншіден, *и* фонемасының өзі дауыссыздардан кейін тұрғанда алдынан *ы/і* қысаң дауыстылары дыбысталады және оларды қосып жазу қажет. Сонда жоғарыдағы сөздерді былай жазамыз: *жыййуу, тййуу, қыййуу* (ju`i`uy`, ti`i`u`y`, qu`i`uy`). Бұлай жазсақ, *ы/і* дауыстылары *и* дыбысының орнына жазылады. Ендеше, мұндай қимыл атауларын латынға көшіргенде *ио* әріп тіркесінен тұратын қазақ сөз формаларын (*у* тұйық етістік формалы *и* дыбысына бітетін етістіктерді) *ййуу/ййүй* формасына ауыстыру керек. Мұны автоматты түрде ауыстыруға келмейді. Өйткені жуан/жіңішке вариантын программа тани алмайды. Сондықтан қазақ тілінде мұндай сөз формалары көп емес болғандықтан, оларды осы емлемен тізімдеп жазып қана программаға беру қажет.

Сонымен қатар *ю* фонемасы қазақ сөз формаларында *йы* әріп тіркесіне біткен етістіктерге *у* тұйық етістік жалғанғанда пайда болады. Олар мынадай етістік-тер: *байы + у – баю* т.б. Мұндай сөздерде де *ю* фонемасы *йу* триграфына оңай көшеді: *байуу – bai`uy`*.

Сонымен, *ю* фонемасын қазақ сөздерінде кездескенде *йу/йүй* триграфына, ал термин сөздерде *иу* етіп латынға көшірсе, дұрыс болар еді. Ал кейбір жағдайлар (аз сөздер болса) «қалыс» (исключение) жағдайлар ретінде программаға тізімдел-іп беріледі.

Түптеп келгенде, әліпби ауыстыруда ең алдымен, осындай сөздердің емлесін жасап алуымыз қажет. Бұл әсіресе, кирилл қаріпті көптеген әдебиеттерді (мәтін-дерді) автоматты жолмен лағынға аудару үшін басты шешіп алатын мәселе.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

[1] Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы // Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты.

[2] Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 62 б.

[3] Жұбанов Қ. Қазақ тілі бойынша зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1966. – 47 б.

[4] Кеңесбаев І., Мұсабаев Ф. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы : Ғылым, 1975. –302 б.

[5] Мырзабеков С. Қазақ тілі фонетикасы. –Алматы:Қазақ университеті, 2004. –247 б.

[6] Джунисбеков А. Сингармонизм в казахском языке. –Алма-Ата: Наука,1985. –97 с.